КЕЛІСЕМІН
«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығы» КМҚК директорының орынбасары
_____Сарсембаева А.Ж.
«12» _____11_____ 2020 ж.

БЕКІТЕМІН
«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығы» КМҚК директорының міндетін атқарушы
_____ Абдикерова Б.Х.
«12» _____11_____ 2020 ж.

«Қарағанды облысының экологиялық мәселелері» тақырыбындағы Облыстық ғылыми – тәжірибелік конференциясының өткізілуі туралы
ЕРЕЖЕ

1.Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылар мен студенттер арасында «Қарағанды облысының экологиялық мәселелері» тақырыбындағы өткізілетін Облыстық ғылыми – тәжірибелік конференциясының өткізілу тәртібі мен уақытын анықтайды.
1.2. Конференция Қарағанды облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының кешендік жоспарын жүзеге асыру мақсатында, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының Облыстық әдістемелік бірлестігі жұмысының аясында ұйымдастырылып отыр.
1.3. Сайыстың ұйымдастырушылары: Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығы, «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» ҚМКМ.
1.4. Өткізілу уақыты, күні: 2020 жылдың 27 қарашасы, басталуы – сағат 12.00-де.
1.5. Сайыстың жұмыс тілдері: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі.
1.6. Сайыстың материалдары мен өтініштер 2020 жылдың 20 қарашасына дейін қабылданады.
1.7.Қатысушылар: конференцияға Қарағанды облысы колледждерінің оқытушылары мен студенттері қатыса алады.
1.8. Конференцияның өткізілу форматы: ZOOM платформын қолданып, online - түрде.

2. Конференцияның мақсаты және міндеттері

2.1. Мақсаты: «ZhastarKZ» жобасының «BagdarKZ» бағытын жүзеге асыру аясында жеке тұлғаның экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.
2.2. Міндеттері:

- Қоғамның экологиялық мәселелері және қоршаған ортаның жағдайы туралы білімдерін тереңдету және дамыту; Қарағанды қаласы бойынша судың, ауаның, жердің ластану көздерін зерттеу және халық денсаулығына тигізетін әсеріне талдау жасау.
- Студенттердің қоршаған ортаны сақтауға және зерттеуге ынтасын дамыту, болашақ әлемді жақсартудағы өзінің ролін сезіну, табиғаттың, қоғамның және экономинканың бір-бірімен тығыз байланысын түсіну, ұжымдық бірлесудің нәтижесінде қоршаған ортаның жағдайын жақсарту тәжірибесін иелену.
- Жастардың назарын қоршаған ортаның мәселелеріне аудару.
- Студенттердің зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамыту.
- Студенттердің көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

3. Конференция бағыттары

3.1 Аймақтың экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары
3.2 Аймақ тұрғындарының экологиялық мәдениеті
3.3 Қарағанды облысындағы экологиялық ахуалы ауыр өңірлер.

4. Конференция жұмысының регламенті

4.1 Баяндамамен сөз сөйлеу/ жобаны (презентация) ұсыну – 5-7 минут.
4.2. Рефлексия, сұрақ-жауап - 2-3 минут.

5. Материалдарды рәсімдеуге қойылатын ережелер және конференцияға қатысу.

5.1. Конференцияға қатысу үшін ұйымдастырушылардың **ecolog.krg_kvptk@mail.ru** электрондық поштасына материалдарды қатысушының фамилиясы, аты және әкесінің атымен сақталған папкаға салып жіберу керек. Материалдар **«Конференция КЖПТК»** атауымен электрондық түрде қабылданады.
5.2. Матералдар папкасы 3 файлдан тұрады:
- Ұсынылып отырған түрде толтырылған өтінім (1 қосымша);
- Ережеге сәйкес сөз сөйлеу материалы;
- Ережеге сәйкес презентация.

5.3. Ережеге сәйкес келмейтін жұмыстар қабылданбайды.
5.4. Баяндамаға қойылатын талаптар: баяндама мәтіні А4 форматында болу керек, суреттер мен сызбаларды қосқанда 3 беттен аз емес, Microsoft Word мәтіндік редакторында болуы керек. Мәтіннің шрифті Times New Roman шрифт арқылы жазылған (шрифттің өлшемі – 14, жолдараралық интервал– 1, сол жағынан – 30 мм, басқалары – 20 мм, абзацты – 1 см) болу керек.
5.5.Баяндаманың құрылымы:

Бірінші жолда бас әріптермен ***баяндаманың тақырыбы*** (жуан қалың шрифтпен) жазылады, келесі жолда- автордың аты-жөні, келесі жолда оқу орнының атауы, қаланың аты жазылады. Келесі жолда курсивпен қазақ тілінде, орыс тілінде және ағылшын тілінде ***аннотация*** жазылады (егер баяндама қазақ тілінде болса, онда аннотация орыс тілінде және ағылшын тілінде; егер орыс тілінде болса, аннотация қазақ тілінде және ағылшын тілінде болады). Келесі жолда ***кілт сөздер*** көрсетіледі (кем дегенде 5 сөз). Баяндаманың ***негізгі мәтіні*** келесі жолдан бастап жазылады. Негізгі мәтіннің соңында бір жол тастап ***әдебиеттер тізімі*** көрсетіледі. Беттер нөмірленбейді. Баяндама көрсетілген үлгіге (2 қосымша) сәйкес орындалу керек.
5.6. Шығармашылық жобаға қойылатын талаптар:

Ұсынылып отырған жоба қарастырылып отырған идеяның мазмұнын және артықшылығын толықтай ашуы қажет және келесі тарауларды қамтуы керек:
- Жобаның басты беті (3 қосымша).
- Жобаның концепциясы бейнеленген, маңыздылығы негізделген, өзектілігі, мақсаты және міндеттері көрсетілген кіріспе болу керек.
- Жобаның мазмұнын (жұмыс түрлерін, іске асыру әрекеттерін) бейнелеу.

Жобаны қорғауда қолданылатын көрнекіліктер (сызбалар, графиктер, кестелер, фотосуреттер, презентация, бейнероликтер) және зерттеу (шығармашылық) жұмысының сипаттамасы болу керек. Жұмыс мәтінінің көлемі, қолданылған әдебиеттер тізімін қосқанда 10 беттен аспауы қажет.
5.7. Презентацияға қойылатын талаптар:
- презентацияның барлық слайдтары MicrosoftPowerPoint редакторында орындалуы керек (кез – келген нұсқасында, бір стильде, үш түстен артық түсті қолданбауды ұсынады: фонға арналған түс, мәтінге арналған түс, тақырыпқа арналған түс.
- Файл өлшемі 2Мб аспауы керек, слайдтар саны 8-10.
- Бірінші беті – бұл басты бет, ол бетте міндетті түрде жұмыстың атауы, автордың аты-жөні, автор оқитын оқу орнының атауы көрсетілуі қажет.
- қосымша ақпараты (басқару батырмалары) негізгі ақпараттан (мәтін, көрнекілік) асып кетпеуі керек.

5.8. Барлық қатысушылар конференцияға қатысқанын растайтын сертификаттарға ие болады.
5.9. Конференция жұмысының нәтижесінде баяндамалардың электрондық жиынтығы құрастырылады.

Барлық сұрақтар бойынша конференцияның ұйымдастырушыларына хабарласуға болады:

Екижанов Азамат Серикович –«КЖПТК» КМҚК директорының орынбасары, тел. 87757466006
Амантаева Меруерт Копжасаровна– №1 ЖББ бөлім меңгерушісі, «КЖПТК» КМҚК математика пәні оқытушысы, тел. 87009848611
Бакизова Эльмира Аманжоловна – №1 ЖББ бөлім меңгерушісі, «КЖПТК» КМҚК орыс тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы, тел. 87001392310
Оспанова Анар Капаровна – ҚО БД ОӘО әдіскері, тел. 87001381134

Қосымша 1.

Қатысуға өтінімнің үлгісі

ӨТІНІМ

1.	Қатысушының толық аты-жөні	
2.	Оқу орны	
3.	Лауазымы	
4.	Телефон, электрондық пошта	
5.	Жобаның/баяндаманың тақырыбы	
6.	Конференция бағыты	
7.	Ғылыми жетекші (студенттер үшін)	

Басшы:
М.о.

Қосымша 2

Баяндама дайындау үлгісі

Бакизова Э.А.
«Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» КМҚК

Аннотация: *(екі тілде)*

Кілттік сөз: *(5 сөзден кем емес)*

Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні [1]. ... Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні [2]. ... Баяндама мәтіні [3] ... Баяндама мәтіні.

Қолданылған әдебиеттер

Қосымша 3

Титул парағының үлгісі

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
«Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» КМҚК
Қарағанды обылсы білім беру басқармасы

ЖОБА АТАУЫ

Орындады:
Аты-жөні, мамандық, курс, топ
Жетекшісі:
Аты-жөні, лауазымы